



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Форум

Ауыл шаруашылығы: 10 жылда жалпы өнім 2,5 еседен асты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумына қатысты. Дәстүрлі жиынға 2 мыңнан астам адам, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер, салалық қауымдастықтар мен халықаралық ұйымдар өкілдері, инвесторлар, ардагерлер, аграрлық сала мамандықтарында оқып жатқан студенттер жиналды. Президент алдымен ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне ризашылығын білдірді.

— Ең алдымен барша ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын деймін. Бұл шын мәнінде нағыз еңбек адамдарының мейрамы екені сөзсіз. Діқандар, мал шаруашылығы мамандары, шаруалар, бәрі де еліміздің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосуда. Қажырлы еңбектеріңіз үшін сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Ауыл шаруашылығы — экономикамыздың стратегиялық мәні айрықша саласы. Бүгін міне, ауыл шаруашылығына арналған екінші форумды өткізіп жатырмыз. Алқалы жынға ауыл-аймақтардан көптеген білікті мамандар арнайы келіп, қатысып отыр. Сондықтан бүгінгі форумды жалпыұлттық ауқымдағы басқосу деуге болады. Жаңа сөз сөйлеген азаматтар салмақты ойларын айтты, ұсыныстарды мұқият қарап, міндетті түрде ескеру қажет, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығының әрдайым мемлекет назарында екенін айтты, Президент ретінде осы саланың қарқынды дамуына ерекше мән беретінін жеткізді. Былтыр еліміз мол астық алып, соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Биыл да күзгі жиын-терім берекелі болды. Діқандар 27 миллион тонна астық жинады. Әр аймақ ел қамбасына мол үлес қосты. Соның ішінде Ақмола облысы ең жоғары көрсеткішке ие. Агроталаға бөлінетін жеңілдетілген несие көлемі ел тарихында алғаш рет 1



триллион теңгеден асып, фермерлерге техниканы жаңарту мен қаржыландыруды қолжетімді ету бағытында ауқымды қадам жасалды. Несие қолжетімділігін арттыру үшін банктерге кепілдік беру механизмі енгізілген. Нәтижесінде «Даму» қоры биыл 1300 несиеге кепілдік беріп, мүлкі жеткіліксіз шағын және орта шаруалардың қаржы алу мәселесін шешуге жол ашты.

Президент несие қолжетімді болуы үшін банктерге құзырлы мекеме тарапынан кепілдік беру тәсілі енгізілгенін айтты. Нәтижесінде несие алуға мүлкі жеткіліксіз көптеген шаруаның, әсіресе шағын және орта деңгейдегі фермерлердің мәселесі оң шешімін тапты. Бүгінде шаруалар сатып алып жатқан техниканың 90 пайызы Қазақстанда құрастырылған. Елдегі 10 зауытта әлемге танымал брендтерді қоса алғанда, 19 түрлі техника шығарылады. Президент жуырдағы АҚШ сапарында «John Deere» компаниясымен құны 2,5 миллиард доллар болатын стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойғанын атап өтті. Келісім аясында алдағы бес жылда Қазақстанда 3 мыңға жуық заманауи техника шығарылмақ.

Соңғы он жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,5 еседен асты. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын дамыту мәселесіне жалпы ауыл-аймақтарды, яғни бүкіл елді дамыту деп қарау қажеттігін айтты. Осы бағытта елде соңғы жылдары ауқымды реформалар жүргізілуде. Президенттің айтуынша, еліміздің негізгі көрсеткіштері тұрақты. Быылғы он айда экономика 6,4 пайызға өскен. Соның ішінде ауыл шаруашылығы да қарқынды дамуда. Жыл басынан бері осы саладағы негізгі капиталға салынған инвестиция өсімі 20 пайыздан асып, 790 миллиард теңгеге жетті. Ал еңбек өнімділігі үш жылда 37,3 пайызға артқан. Қазақстан жалаңдағы азық-түлік қауіпсіздігі рейтингі бойынша 32-ші орында.

Қасым-Жомарт Тоқаев шаруашылығын көңейтпей деген кәсіп иелеріне жеңілдікпен несие алуға мүмкіндік бар екенін атап өтті. Президент Жолдауда мал шаруашылығы саласындағы агробизнесі қолдау жоспарын әзірлеуді талқылады. Мақсат — мал басын өсілеу. Сол арқылы Қазақстанның халықаралық нарыққа ет жеткізуші ірі ел ретіндегі мәртебесін бекітуге жол

ашылмақ. Енді ет бағытындағы мал шаруашылығының жүйелі өндірістік циклін енгізу жұмыстарын жалғастырған жөн. Сондай-ақ жайылымдық жерлерді тиімді әрі ауыстырып пайдалану тәсіліне баса мән берген дұрыс.

Мемлекет басшысының пікірінше, ветеринария саласындағы жағдай мез емес. Ең алдымен бұл саланы материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету керек.

— Мал дәрігерлерінің еңбек жағдайын жақсарту қажет, ветеринар мамандарды ынталандыру шараларын қарастырған жөн. Ветеринария саласының инфрақұрылымын күшейтуге қатысты жұмысты тиімді түрде жалғастыру керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент терең өңделген өнім шығаруға басымдық беру қажеттігін қаперге салды. Шынында, қазір елдегі агроөнеркәсіп кешені көбіне шикізат шығарумен шектеліп отыр. 2023 жылы агроөнеркәсіптегі өңделген өнімнің үлесі небәрі 35 пайыз еді, биыл бұл көрсеткіш 50 пайызға жетті. Президент келер жылы 70 пайызға толық жеткізу қажеттігін қаперге салды. Бұл салаға шетел инвесторларын тарту жұмысын тездету қажет.

Форумда Жұмысшы мамандықтары жылына орай еңбек адамдарына айрықша құрмет көрсетілді. Мемлекет басшысының Жарлығымен еліміздің агроөнеркәсіп саласын дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін Ақтөбедегі «Стенное» ЖШС директоры Аманжол Сансызбайұлы Төлеуовке жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі — «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан ауыл шаруашылығы саласының 30 еңбеккері мемлекеттік награда алды.

Атап айтқанда, бір адам «Парасат» орденінің кавалері, саланың 6 өкілі «Құрмет» орденінің иегері атанды. II дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен 1 азамат, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен 10 адам, «Ерен еңбегі үшін» медалімен 6 еңбеккер марапатталды. Сондай-ақ бүгінгі іс-шарада «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы ауыл шаруашылығы саласында озат атанған 4 азаматқа алғаш рет тапсырылды. Президент қолынан марапат алғандар қатарында жерлесіміз, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев та бар. Аймақ дамуында өзіндік қолтаңбасы бар ағамызға Президент «Парасат» орденін табыстады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Мерей

15 қараша — ұлттық валюта және қаржыгерлер күніне орай «Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының ұйымдастыруымен қаржы саласында еңбек етіп жүрген партия мүшелерімен кездесу өтті. Шарада «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева ел экономикасының дамуына үлес қосып жүрген сала мамандарына жылы лебізін айтып, кәсіби мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар қаржы саласындағы есеп еңбегі мен жауапкершілігі үшін партия филиалының төрағасы Өмірзақ Елеусіновтің алғыс хаты табысталды.

Қаржыгерлер құрмет төрінде



— Төл теңгеміздің нарық айналымына енгеніне 30 жылдан асты. Осынша уақытта теңге талай сыннан өтіп, ел берекесінің ұйытқысына айналды. Өз валютамызбен есеп айырысудың қаншалықты маңызды екенін жақсы білеміз. Әсіресе орта және аға буын ұлттық құндылықтар көрініс тапқан дербес валютаның қадір-қасиетін терең түсінеді. Ұлттық валютаны айналымға енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия 1993 жылы 3 қарашада құрылды. 1993 жылы 12 қарашада Президент «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын айналымға енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал 15 қарашадан бастап теңге еліміздегі жаңа ақша бірлігіне айналды. Көп ұзамай, яғни 1995 жылы 19 мамырда елімізде Банкнот фабрикасы ресми түрде ашылды. Ұлттық банк дерегі бойынша, сол жылы 83 миллионнан аса, бір жылдан кейін 104 миллионнан аса банкнот шықты. Ал монета сарайы оның алдында, 1992 жылы Өскемен қаласындағы Үлгі металлургия зауытының базасында құрылған еді. Теңге арқылы банк секторы да 90-шы жылдардан бері талай баспалдақтан өтті. Сантүрлі түйтілдің құрмеуін тарқатқан банк саласы тәуекелдерге төзімді болуды да үйренді. Ең бастысы, «Төнге мен банк секторы қайтсе нарықтың сын-қатерлерге қарсы тұра алады?» деген сауалдарға жауап таба бастадық. Бұл біздің жанарғанымыздың, жетілгеніміздің белгісі деп білемін. Төл теңгеміздің тарихына жай тоқталған жоқпын. Мұны келер ұрпақ білуі тиіс. Бүгінгі мерекемен баршаныңды құттықтаймын. Әрқайсысыңыздың ел экономикасын, аудан әлеуетін арттыруда еңбектеріңіз бар. Сол жолдағы алдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, — деді Қаншағұл Мұстафаева.

Іс-шара аясында партия қатарына жаңадан қабылданған азаматтарға салтанатты түрде партиялық билеттер тапсырылып, оларды құттықтап, қоғамдық жұмыстарда белсенді болуға шақырды.

Иә, қаржы саласының мамандары — елдің қаржылық тұрақтылығы мен дамуының тірегі. Сондықтан олардың еңбегі ер-қашан құрметке лайық. «Аманат» партиясы қоғамның барлық саласында еңбек етіп жүрген жандарды қолдай отырып, олардың еңбегін бағалауды жалғастырады.

Е.АНУАРҰЛЫ

Маман мерейі

Білікті қаржыгер



Әр мамандықтың өзіндік қызығы, ерекшелігі бар. Есеп-қисапқа толы қаржыгер мамандығы кез келген адамның қолынан келе бермейтіні анық. Өйткені мемлекеттің қаржысына келгенде жауапкершілік еселенеді. Бүгінгі айтулы мереке қарсаңында өмірі қаржы саласымен өріліп, өз саласының жілігін шағып, майын ішкен аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің сектор меңгерушісі Зухра Ильясовамен сұхбаттастық.

Қаржыгердің әкесі Жайылхан — ауданға қарасты Мәдениет ауылында егінші болып, нәпақасын маңдай терімен тапқан еңбек адамы. Зухра апай сол шаңырақта 1965 жылдың қыркүйегінде өмірге келген. Алғаш Мәдениет мектебінің табалдырығын аттап, кейін аудандағы №202 орта мектепті тәмамдады.

Кейіпкеріміз арманына қанат байлап, 1985 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының есеп және экономика факультетінің студенті атанды. 2003 жылға дейін Жалағаш мұнай базасында кассир, есепші-оператор, экономист, есепші болып жұмыс жасады. 2005 жылдың сәуір айынан бастап аудандық эко-

номика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде есепші болып еңбек жолын жалғастырды. Экономист кейін бас маман қызметін атқарып, 2015 жылдан бастап бюджеттік жоспарлау секторының меңгерушісі болып сала тізгінін ұстап келеді. — Менің әкемнің ағасы Ғазизхан Кенжетәев Мәдениет ауылында са-

налы ғұмырын экономика саласына арнаған білікті маман болды. Ол үйге келгенде үстелді құжаттарға толтырып, шот қағып отыратын. Сол көріністі бала кезімнен тамашалап өскен мен үшін оның еңбегі тек есеп-қисап қана емес, бала арманына айналды, — дейді қаржыгер.

Зухра Жайылханқызының өмірлік ұстанымы — қай кезде де адал және жауапты болу. Әр сөзі нық, байыппен тыңдап, әр сөзді сан есептегендей дәлдікпен жеткізіп отыр. Жүзі жылы қаржыгер жанмен өңімені әрі қарай жалғастырып.

— Әдепкіде мені жұмысқа қабылдап, салаға нық қадам басуыма себеп болған — Болатбек Тәшімбетов. Өте сабырлы, көп сөйлемейтін, бірақ 40 жылдық тәжірибесін бізге үйретуден аянбады. Сол кісіден алған тәлім бүгінгі жетістіктеріміздің берік негізін қалады, — дейді білікті экономист.

Аудан бюджетін жоспарлау оңай шаруа емес. Әр саланың қажетті қаржысын дәл межелеп, уақытылы орындалуын қадағалау — үлкен жауапкершілік. Осы бағытқа Зухра Жайылханқызы бар білімі мен тәжірибесін жұмсап келеді. 2025-2027 жылдарға арналған аудан бюджеті жыл көлемінде 3 мәрте нақтыланып, 9 мәрте түзету енгізілген. Аудан бюджетіне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар уақытылы қоғамдық кеңестің қарауына ұсынылған. Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен түскен бюджеттік өтінімдер уақытылы қаралып, проблемалық мәселелерді шешуге, тұрғындардан түскен ұсыныстар, бюджеттің басым бағыты ескеріліп, барлық материал аудандық бюджеттік комиссия отырысының қарауына ұсынылған. Аудан

бюджетіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша аудандық мәслихаттың шешімдері және аудан әкімдігінің қаулылары уақытылы әзірленіп бекітілген.

Оның айтуынша, ұшжылдық кезеңге бюджет жобалары әзірленген. Оның ішінде бюджет түсімдерінің болжамы салық органдарының ұсынған есептіліктері былтыр 9 айдың жергілікті кірістерінің орындалуы ескеріліп әзірленген.

Әр жылдың аяғында келер жылдың бюджетін алдын ала бағдарлап, жүктемесін есептеу — жауапкершілігі жоғары жұмыс. Бұл құжат желтоқсан айында нақты бекітіліп, соның негізінде жаңа жылдың қаржы саясаты қалыптасады. Жыл басталысымен бөлінген қаражаттың мақсатты әрі тиімді жұмсалуды үшін жүйелі жоспар жасалып, әр сала бойынша атқарылатын міндеттер нақтыланады.

Иә, Зухра апайдың осы бағыттағы тиянақты еңбегі мен кәсіби шеберлігі ауданның барлық саласында өз нәтижесін көрсетіп келеді. Кабинетке кірген бойда төрден қарайлаған қарапайым жанның, өзі емес, жан дүниесі, салаға сіңірген таудай еңбегін көрді.

«Ұлық болсаң, кішік бол» дейтін еді. Мақтаулы сөз иесін тура тапқандай. «Біз енді есепші болғаннан кейін қысқа қайырамыз» дейді сәл жыммып. Жақсы өзін есте жақсымын деп айтпаса да марапаттар сөйлеп үлгерді.

Облыс әкімінің алғыс хаты — Зухра апайдың жылдар бойы табанды еңбегі мен қаржы саласындағы шеберлігінің биік бағасы. «Үздік қаржыгер» номинациясымен марапатталуы да — оның өз ісіне деген адалдығының айқын көрінісі. Бұған қоса партияның аудан-

дық филиалы да қоғам игілігі жолындағы еңбегін бағалап, алғыс хаттарын табыстады. Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік банк мекемелері мен қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы сала майталманына «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісін тақты. Жылдар бойы жинақтаған тәжірибе, қаржы саласындағы дәлдік пен табандылық, әр шешімді таразылап қабылдайтын парасат, бәрі осы бір шағын ғана белгіге сыйып тұрғандай.

Аудан игілігі үшін адал қызмет етіп келе жатқан Зухра апайдың бұл салада 20 жылдан астам тәжірибесі бар. Білікті қаржыгер — отбасында үш бала тәрбиелеп отырған ардақты ана. Үлкен қызы аудандағы білім ордасында бастауыш сынып мұғалімі болса, ұлы мәдениет саласына бет бұрды, ал көкеңе қызы медицина жолын таңдаған.

Зухра апай қаржы мамандығын оқып, ыстығы мен суығынан өзі өткеннен кейін балалардың кәсіби таңдауына араласпағанын айтты. Әр пайымынан даналықты көрдім, тектілікті сездім.

Келер жылы кейіпкеріміз қаржы саласындағы қажырлы еңбегімен зейнеткерлікке шығады. Өз теңгенді аманаттап тапсыру үшін де адами қасиеттеріне қарайлап, сенім артатынымыз бар. Оның жанында ел қаражаты әділдікті басты қару еткен мамандардың адалдығымен бағдарланып жүргені көңіл қуантады. Алғыс арқаалаған қаржы маманының өмірлік үлгісі мен еңбегі аудан тарихында биік із қалдыраы анық.

Гүлжан ЕСЖАН

2 ДЕНСАУЛЫҚ

Мәселе

Тұмау толқыны бәсеңдемей тұр

Күз келгелі ауа райы жиі құбылып тұр. Бірде жылымық, бірде шымыр суығымен тоңдырады. Емхана есігінің алды көлікке де, адамға да толы. Аудан десеңіз де, ағылған халықтың қарасы көп. Бірі енді ғана буыны бекіп келе жатқан баласын жетектеп кірсе, енді бір өмір есігін жаңа ашқан сәбиін жел тимесін дегендей, кеудесіне қымтап алған. Соңғы уақытта жиілеген тұмаудың жай-жапсарын білу мақсатында біз де сала мамандарымен жүздестік.

Соңғы апталарда тұмау бойынша тіркелген жағдайлардың айтарлықтай өсуі аймақтағы эпидемиологиялық ахуалды жіті бақылауды қажет етіп отыр. Денсаулық сақтау органдарының мәліметінше, әсіресе кезеңде алдын алу бала-бақша жасындағы балалар арасында сырқаттанушылықтың көбеюі байқалады. Бұл – маусымдық вирустың белсенділігі артқан кезеңде алдын алу шараларын күшейту қажеттігін көрсетеді.

Қоғамдық денәулық сақтау саласы өкілдері тұмаудың өршуін тек маусымдық құбылыс емес, иммундық қорғаныстың әлсіреуімен де байланыстырып отыр. Соңғы жылдары жұқпалы аурулар динамикасын зерттеу көрсеткендей, алдын алу шараларын елемей және дер кезінде дәрігерге қаралмау жағдайды қиында-тады. Сондықтан мамандар биыл про-филактикалық тексерудің маңызын кү-шейтіп, тәуекел топтарына ерекше назар аударуда.

Қыркүйектен бастап елде жіті рес-пираторлық вирустық инфекциялардың 1 млн 278 мыңнан астам жағдайы тір-келген. Науқастардың шамамен 66 пайызы – 14 жасқа дейінгі балалар. Жалпы жыл сайын жіті респираторлық вирустық инфекциялардың 4 млн, ал тұмаудың 2 мыңдай жағдайы тіркеледі. Эпидемиологтар сондықтан қазіргі ахуал күзгі-қысқы мезгілге тән екенін айтады.

Қызылорда облысында жыл басынан қазіргі таңға дейін ЖРВИ диагнозымен 89 809 жағдай есепке алынған. Сырқат-танушылықтың 100 мың халыққа шақ-қандағы көрсеткіш 10 375.65-ті құрады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстыр-ғанда сырқаттанушылық 4,6 пайыз те-мендеген. 14 жасқа дейінгі жұқтырғандар – 56 667, 2024 жылдың 9 айымен салыс-тырғанда 6,6 пайыз төмен.

2025 жылдың тиісті мерзімінде тұмау диагнозымен 35 жағдай тіркелген. Бұл сырқаттанушылықты 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш 4,04-ті құрады. 14 жасқа дейінгі балалар арасында 25 жағдай тіркеліп отыр. Өткен жылдың 9 айлық қорытындысымен салыстырғанда 2,25 есеге төмендеген. 2024 жылы Қызылорда облысы бойынша тұмау диагнозымен барлығы 78 жағдай есепке алынған. Ал бұл деңгей 100 мың халыққа шаққанда 9,10-ды құрайды. 14 жасқа де-йінгі балалар арасында 73 жағдай анық-талған.

Емхана сүзгі бөліміне 379 науқас қаралған

Баланы жөтел қысып, ыстығы түс-пей тұр. Соңғы апталарда ата-аналар осылай деп дабыл қағуда. Эпидмаусым басталғалы Жалағаш аудандық емха-насы жұқпалы аурулар бөлімінде ЖРВИ диагнозымен 104 науқас емделіп



шыққан. Оның 81-і бала, соның ішінде 64-і – 5 жасқа дейінгі бала. Ересектер саны – 23.

Маусымдық тұмау кезінде дене тем-пературасының кенеттен көтерілуі, жө-тел, бас ауруы, бұлшық ет пен буын ауруы, қатты әлсіздік, тамақ ауруы және мұрынның бітелуі байқалады. Қазіргі уақытта алдын алудың тиімді әдістерінің бірі – вакцинация. Тұмауға қарсы вакци-нация негізгі аурудың асқынуына, ауру-ханаға жатқызудан қорғайды.

Жалағаш ауданы бойынша тұмауға қарсы профилактикалық жұмыстар биыл да жүйелі түрде атқарылып келеді. Ау-дандық денсаулық сақтау бөлімі хабар-лағандай, маусымдық кезеңнен бастап емхана мен барлық медициналық пунк-терде алдын алу шаралары күшейтілген. Биыл ауданға тұмауға қарсы 3 430 доза вакцина бөлініп, қысқа мерзім ішінде жоспар толық орындалған. Қазіргі уа-қытқа дейін екпе алушылардың саны жоспарлы көрсеткішпен 100 пайызға теңесіп, тұрғындар арасында иммундық қорғаныс қалыптастыру жұмыстары ой-дағыдай жүзеге асқан.

Вакцинация алдымен қауіп тобына кіретін азаматтарға бағытталыпты. Атап айтқанда, ауданның медицина қызмет-керлері, диспансерлік есепте тұрған ересектер мен балалар, жүкті әйелдер, әлсіз және жиі ауыратын бұлдіршіндер, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандар толық қамтылған. Бұл – індеттің ауыр түрінің алдын алудың аса маңызды қа-дамының бірі.

Сонымен қатар емханадағы сүзгі бөлмесінің жұмысы да күшейтілген тәр-тіпте жүріп жатыр. Мекеме мамандары-ның айтуынша, соңғы он күн ішінде барлығы 379 науқас қаралып, алғашқы қабылдау жүргізілген. Оның ішінде мау-сымдық вирустық респираторлық ин-фекцияларға қатысты көрсеткіш ай-тарлықтай жоғары, яғни 318 жағдай тіркелген.

Аурушандықтың негізгі бөлігін бала-лар құрап отыр. 278 баладан тұмауға қарсы белгілер анықталса, дәрігерлер бұл көрсеткіштің артуы балабақша мен мектептерде оқушылардың көп шоғыр-лануымен байланысты екенін айтады. Сондай-ақ сүзгі бөлмесінде тексеруден өткендер қатарында 6 жүкті әйел бар, олардың барлығына қажетті кеңес бе-ріліп, бақылау күшейтілген. 34 ересек тұрғын да респираторлық белгілермен дәрігерлер көмегіне жүгінген.

Мамандар тұрғындарды маусымдық індеттің өршу қаупіне байланысты өз денсаулығына мұқият болуға, адам көп

жиналатын орындарда сақтық шарала-рын ұмытпауға шақырады. Емхана та-рапынан профилактикалық жұмыстар жалғасып, жағдай күнделікті бақылауда екені айтылды.

Жалпы індеттің алдын алу мақса-тында үйлер аралау жұмыстары да белсенді жүргізілуде. Медициналық қыз-меткерлер тұрғындарды аралап, наұқ-астардың жағдайын бақылап, аурудың асқынбауын қадағалауда. Әр отбасыға жеке кеңес беріліп, қажетті нұсқаулар түсіндіріледі. Сонымен қатар санитар-лық-ағартушылық жұмыстар қарқынды жүріп жатыр.

Жұқпалы аурулар бөлімінде 71 науқас ем алуда
Биыл тұмау жылдағыдан ерте бас-талған. Алғашқы дерек қазан айында тіркелген. «А» типіндегі тұмаудың 304-і зертханалық жолмен расталған. «Тем-пература түспейді. Баланың бойында әлсіздік бар». Ем алуға келген ата-ана-лардың айтар үәжі осындай. — Екі жастан енді асқан балам іші өте бастады. Араға бір апта салып дене қызуы көтеріле бастады. Сала ма-мандарының көмегіне жүгінген дұрыс қой. Жедел жәрдем шақырып, сол күні аудандық аурухананың жұқпалы аурулар бөліміне қабылдады. Қажетті ем-домын дер кезінде жасағандықтан болуы керек, үш күн ішінде балам жа-зылып шықты, — дейді аудан тұрғыны Камила Ернияз. Аудандық аурухананың жұқпалы ау-рулар бөлімінде қазан айында жалпы науқас саны 129-ға жеткен, бұл басқа айлармен салыстырғанда айтарлықтай көп. Қазіргі таңда бөлімшеде 71 науқ-сқа жатқызылған, ал төсек саны небәрі 20 ғана. Дәрігер бұл жағдайды мау-сымдық деп сипаттаса да, өткен жыл-дармен салыстырғанда науқастар саны айтарлықтай көп екенін атап өтті. Кейбір науқастар отбасымен жатыр, ауру тез асқынуда. Инфекционист дәрігер Айгерім Иман-мырзаеваның айтуынша, науқастардың температурасы 40 градусқа дейін кө-теріліп, жөтел асқынған және тыныс алу белгілері ауыр жағдайға жетіп жатады. Сондықтан көбіне үй жағда-йында емделе алмай, тікелей ауру-ханаға жеткізіледі. Вирусқа қарсы ем қолданылып, асқынған жағдайда пнев-мония немесе бактериялды инфекция анықталған жағдайда міндетті түрде антибактериалық ем тағайындалады. Жоғары температура мен демікпе бел-

гілері кезінде қосымша аспалық ем де жүргізіледі. Науқастардың көбі тұмауға жас талғамай шалдыққан, емделуге келгендердің көбісі – 14 жасқа дейінгі бала. Бөлімде науқастар саны артса да жұмыс жүйелі. Бөлім меңгерушісі ме-дициналық қызметкерлер жағдайды тұ-рақтандыру үшін барлық шараларды жүйелі түрде жүзеге асырып, бетперде режимі енгізілгенін айтты.

Мектептерде тұрақты мониторинг жүргізілуде
Аудандық білім бөлімінің мәліметін-ше, осы аптадан бастап мектептерде бетперде тағу режимі енгізілген. Бөлім мамандарының айтуынша, мұндай ше-шім оқу процесін тоқтатпай, балалар-дың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Мектеп ұжымдары мен ата-аналарға санитарлық талаптарды күшейту, кабинеттерді желдету және күнделікті бақылауды назардан тыс қал-дырмау ескертілген. Бас мемлекеттік санитар дәрігер Сархат Бейсенова ел бойынша 2794 мек-тепте тұмау мен ЖРВИ-дің таралуына тұ-рақты мониторинг жүргізіліп отырғанын айтты. Оның айтуынша, егер қандай да бір сыныпта оқушылардың 30 пайыздан астамы ауырып қалса, онда сабақты онлайн форматқа көшіру туралы шешім қабылданады. Кей сыныптарда ауру жұқтыру көрсеткіші 10 пайызға дейін тір-келген. Халықтың пікірі де санқилы. Бірі қазіргі ахуалда онлайн форматқа көшу ең дұрыс шешім деп санайды. Сөбебі тұмауаратып жатқан оқушылардың ға-на емес, мұғалімдердің де саны артып отыр. «Биылғы тұмау бұрынғыға қара-ғанда басқаша, қаттырақ өтуде» деп аландаушылық білдіргендер де аз емес. Ал енді бір бөлігі, керісінше «ауырып қалған балалар үй жағдайында толық ем қабылдап, жазылып келісін» деген ұстанымда. Халықтың сөзіне сүйенсек, онлайн оқуға көшу ата-ананы да, баланы да өбігерге салып, қосымша жұмыс туын-датады деп аудан тұрғындары бұл мә-селені ержақты бағалап отыр. Зерттеу барысынан байқағанымыз, тұмаумен күрес шаралары аудан көпе-мінде жан-жақты және жүйелі түрде жүргізілуде. Осындай кешенді алдын алу шараларының нәтижесінде эпи-демиологиялық ахуал алдағы күндері тұрақтылып, жақсарады деген сенім бар. Бірақ қарапайым халық «сақтансақ, сақ-тайтынын» қаперден шығармауы тиіс.

Маман мерейі

Терапия бөлімінің тыныс-тіршілігі әрдайым ширап, науқастарға мұқият көңіл бөлуді талап етеді. Аудандық емхананың аталған бөлімінде науқастардың әрдайым жанынан табылып, олардың сауығып кетуіне тікелей үлес қосатын маманның бірі – Нұргүл Жаханова. Ол – 18 жылдық тәжірибесі бар мейіргер. Оның әрбір жылы сөзі мен кәсіби дағдылары науқастарға тек физикалық емес, психологиялық қолдау беріп келеді. Медицина саласының қызметкері болу арманы Нұргүл Батырбекқызының жүрегінде кішкентай кезінде оянған.

Аға мейіргер Нұргүл



— 2005 жылдары медицина саласы әлі толық дамымаған еді. Сол жылдары бала кезімізде ауырып қалған сәттерде, әсіресе түнгі уақытта дәрігерлердің келуі қиын болатын. Ауылым – Ақарарық, ауданнан шалғай тұратынбыз. Жедел жәрдем көлігі уақытында жетпей, күтіп қалатынбыз. Менде ақхалатты абзал жан болсам, шақырту түскенде көлік болмаса да дереу барып, барынша көмегімді көрсетемін деген талпыныс сол кезде басталды, — дейді қазір бір бөлімнің аға мейіргері.

Мейіргер жұмысы тікелей адаммен байланысты болған-дықтан жауапкершілік деңгейі өте жоғары. Сондықтан Нұргүл Жаханова бөлімге келгенде бірінші кезекте қағазға қарап отырмай, түнгі ауысымнан шыққан медбикеден науқастардың жағдайын дереу анықтайды. Ем алып жатқан науқастардың динамикасын бақылап, әрбір өзгерісті жіті қадағалайды.

— Ұжымда біз бір үйдің адамдары сияқты ауызбіршілікте қызмет етеміз. Дегенмен жұмысқа келген сәтте бір-бірімізден қатаң түрде ережелердің орындалуын талап етеміз. Өйткені бір инфекция салып-нап қалса да, ол науқастың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін. Қазіргі уақытта палаталардағы әр науқасқа арналған дәрілер алдын ала дайындалады. Ем алушылардың аты-жөні жазылып, қажетті уақыты көрсетіледі. Жоспар бойынша тағайындалған дәрі-дәрмектерді таратып, науқастарға уақытылы жеткіземіз. Міне, осындай жауап-кершілік пен бірлік біздің күнделікті жұмысымыздың басты қағидасына айналған, біз үшін берінен маңыздысы – елдің саулығы, халықтың алғысы, — дейді бөлім мейіргері.

Нұргүл Батырбекқызының жұмысы – тек дәрігердің тап-сырмасын орындау ғана емес, науқастың жалпы жағдайын үздіксіз бақылап, емдеу үдерісінң барлық кезеңінде кәсіби қолдау көрсету. Тамыршілшік дәрі егу, жүйелі терапияны ба-қылау, шұғыл жағдайда жедел көмек көрсету – олардың күн-делікті жұмысының бір бөлігі. Түнгі уақытта емделушілер ұйық-тап жатса да абйормен адал еңбекті мақсат еткен мейіргер палаталарға кіріп, әр науқастың тынысын қадағалайды. Сол кезде ауа жетпей, тынысы қиындап жатқан науқастарға да кездесіпті. Егер таңға дейін қараусыз қалса, салдары қандай болатыны белгілі. Бір сөт салғырттық танытуға болмайтын терапия бөлімінің маңызы да осында сияқты.

— Бөлімге бұрын бір үлкен апа артериялық қан қысы-мымен түскен. Кейде қысым қатты көтерілгенде біздің нау-қастарымыз оны сезбеуі мүмкін. Бас ауру немесе басқа белгілер де әрқашан байқалмайды. Бір күні сол кісінің беті жыбырлап, көздері қысылып бара жатқанын байқап қалдым. Уақыт ұттырмай сурақтар қойып, науқасты сөйлетіп көрдім. «Қолдарыңызды көтеріңізші» деп тексергенде бір жағының әлсіздеу екенін анықтадым. Бұл инсульттің алғашқы белгісі болды. Сол уақытта дәрігерді шақырып, бірден алғашқы көмегімді көрсеттім. Нәтижесінде науқас аман қалды, — дейді үлкен жауапкершілік арқасынан түскендей жадырап.

Мұндай жағдайлар өте көп және мейіргердің кәсіби білік-тілігі мен жауапкершілігінің қаншалықты маңызды екенін көр-сетеді. Осындай жайттарда мейіргерлер магнезия салып, қан қысымын төмендетуге тырысады. Науқасты тік жатқызуға болмайды. Басын 90 градусқа отырғызып, тонометрмен қан қысымы жиі өлшеніп тұрады.

Мейіргер кәсібі сырт көзге қарапайым көрінгенімен, маңы-зы орасан. Науқастың алғашқы күтімінен бастап, күнделікті бақылау, ем-домды уақытылы орындау, адамның жанын түсіну, сабырмен қолдау көрсету, бәрі де – мейіргердің мой-нындағы жауапты міндет.

Тәжірибелі медбике қоғамдық шараларда да белсенді. Аудандық байқауларға қатысып, алғыс хаттармен марап-патталған. Былтыр орта буын медицина қызметкерлерінің Қызылорда қаласында өткен ауданаралық жарысқа барып, белсенділік танытты.

Адамның жаны төтті. «Қай жерің ауырса, жаның сол жерде» дейей ме. Егде тартқанда үлкендеріміз «лайым ауыртпасын» деп күбірлегенмен, жаның көзге көрінгенде ең алдымен жа-ныңнан табылатын да – медицина саласы қызметкерлері. Бүгінде медбике – қоғамдағы қызметі мен жанұядағы рөлін қатар алып отырған көпбалалы ана. Отбасында екі қыз, үш ұл тәрбиелеп отыр. Солардың ішінде үлкен қызы медицина саласын тандап, анасының жолын жалғастырмақшы.

Кейіпкеріміз Терапия бөліміндегі талмай өткен еңбектің нәтижесінде бүгінде көпке үлгі болып отыр. Қай кезде де мұндай кәсіби шеберлік пен қоғамға көрсетілген адал қызмет биік бағаланатыны рас.

Бетті дайындаған Гүлжан ЕСЖАН

«Терапия» тынысы

Денсаулық – әр адамның басты байлығы. Сол байлықты сақтау мен жақсарту ісінде аудандағы медицина саласының рөлі зор. Терапия бөлімі – күрделі жұмыстың жүрегі. Мұнда жүрек-қан тамырлары, тыныс алу, ас қорыту сияқты түрлі ауруларды бақылап, диагностика жасап, емдейді. Бөлімнің бүгінгі тынысымен танысу үшін аурухананың екінші қабатына көтерілдік.

Көзге көрінген тыныштық пен бөлімнің тазалығынан мұндағы қалыптасқан тәр-тіпті байқадық. Бұған қарап «Науқас-тар қайда?» деменіз. Бөлімнің бүгінгі тынысымен танысып, әр палатаға қа-рағанымызда, ем алушылардың жай-лылығы қамтамасыз етілгенін байқадық. Барлық палата заманауи жабдыктармен қамтамасыз етілген, жеке жуыну бөл-мелері бар. Әр қызметкер өз міндетін жауапкершілікпен атқарып, науқастарға уақытылы емдік және профилактикалық шаралар жүріп жатыр.

Бүгінде бірлік пен кәсіби біліктілікті алға тартқан «Терапия» бөлімін Әзізбек Көмкеев басқарып келеді. Бұл бөлімде жалпы 3 дәрігер, 15 мейіргер, 13 кіші ая-жан, 1 ас таратушы, 1 шаруашылық ая-жаны бар. Бөлімше 33 төсек орынан тұ-рады. Оның ішінде 15-і терапиялық, 12-сі неврологиялық, 5-еуі кардиологиялық, 1-уі ревматологиялық орынға лайықталған.

Терапия бөлімінің қызметі тек жеке ем ғана емес, халыққа сапалы меди-циналық көмек көрсетудің кепілі болып саналады. Мұнда көптеген диагноздағы науқастар емделеді. Олардың ішінде жүректің ишемиялық аурулары, арте-риальды гипертензия, өкпелің созыл-малы аурулары, бронх демікпесі, қант диабеті, анемияның бірнеше деңгейдегі түрлері, ревматологиялық аурулар, ми қан айналымының жедел бұзылысының

салдары, бел омыртқаларының остео-хондрозы, протрузия сияқты көптеген ауру түрі бойынша науқастар ем алады.

Жыл басталғалы терапия бөліміне 1500-ден астам науқас тіркелген. Емдеу барысында жиі кездесетін аурулар қата-рында қан қысымының жоғарылауы, өкпенің қабынуы (пневмония), инсульт бар. Сонымен қатар жоспары түрде қа-былданатын науқастар да болады. Бүй-рек, өт жолдары, бауыр және бас ау-рулары бойынша ем қабылдайды. Бөлім меңгерушісінің айтуынша, бұрын карт адамдарға тән деп саналатын қан қы-сымы қазіргі таңда жастар арасында да жиі кездеседі.

Қазақстандағы жастар арасындағы қан қысымының жоғары болуы соңғы уақыттағы маңызды медициналық мә-селе болып отыр. Бүгінгі зерттеулерге сөйкес, 18-35 жас аралығындағы жас өспірімдердің шамамен 23 пайызында артериялық гипертония анықталған. Көп-шілігі бұл жағдайдың бар екенін білмейді, себебі бұрын қан қысымын өлшептеген немесе диагноз қойылмаған. Сонымен қатар шылым шегіп, алкоголь пайдалану, физикалық белсенділіктің төмендігі де-гендей емір салты факторлары жас-тар арасындағы гипертония қаупін арттырады. Сондықтан ерте скрининг жүргізу, өмір алтын түзету және қан қысымын бақылау шаралары жастардың



денсаулығын сақтауда аса маңызды бо-лып отыр.

Бөлімде күндізгі стационар қызметі де жұмыс жасап тұр. Онда арнайы 8 төсек орнатылған, науқастарға уақытылы ем жүргізіледі. Біз барған уақытта бөлімге бір жедел түрде өкпе қабынуымен, екі науқас бел омыртқасының грыжасымен қабылданған. Бұл – тек жұмыс уақыты енді басталған сәттегі ақпар. Кешке дейін аурухана бөлімі 10-15 шақты ем-делушіні тіркеп, ем тағайындап, қызу тір-шілік жалғасып кетеді.

Соңы әээр көрінетін ұзын дәлізді бойлай жүріп келеміз. Тоғызыншы палата. Бір апталық емнен үйіне дайындалып жатқан әжей балаша мөз. Шамамен тоқсанға таяған болуы керек, заттарын жинап қойған. «Раушан қызыма рақмет, тағайындаған ем-домның көп пайдасы тиді. Жетеліп, біраз әлсіреп қалып едім, бүйрегім де мезгілсіз мазалауын қойды»

Адам болам десеңіз...

Мұхтар Әуезов

Жамбылдан «Абай қандай ақын?» деп сұрайды. Сонда Жамбыл «Абай пайғамбар ғой» деп жауап береді. Жамбыл Абайдың суретіне қарап «Мынау тұрған Абайдың суреті ме? Өлең-сөздің ұқсаған күдіретіне» дейді. Мән қазір «Абай – өлең-сөздің ғана емес, даналық ойдың да, философиялық ойдың да күдіреті» деп айтқым келеді.

«Өмір, дүние дегенің, Алып жатқан су екен. Жақсы, жаман көргенің, Ойлай берсең у екен...» Даналық деген осы емес пе? Ахмет Байтұрсынұлы Абайды «жазқтың бас ақыны, қазақ әдебиетінің классигі» деп атайды. Абайды ойшыл-философ ретінде алғаш таныған Жүсіпбек Аймауытұлы. Ол «Ақыл білім, сезім, терең ойылығына қарағанда Абай – қазақтан шыққан философ» деп атап көрсетті.

Абайға арнап алғаш өлең жазған Мағжан Жұмабаев болды.

«Шын хакім, сөзің асыл баға жетпес, Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес, Қарадан хакім болған сендей жанның Өлемнің құлағынан өні кетпесі» дейді. Бұл арада Мағжан Абайдың өздігінен оқып, іздепін, дана, ғұлама болғанын айтып тұр. «Қарадан хакім», яғни дана болған деп.

Абай өріне, Кант, Гегель сияқты кәсіби маман философ емес. Ол – туа-біткен ойшыл дана. 2020 жылы Абайдың 175 жылдығы елімізде жоғары дәрежеде атап өтілді. Бұған ұйытқы болған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінде «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген терең мағыналы мақала жариялады. Ол Абай іліміне «қазақ халқының өмірлік философиясы» деп әділ баға берді.

Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов Абай туралы шығармасының атын «Абай жолы» деп тауып қойған. Жол деген – киелі ұғым. Дін жолы, бабалар жолы, нарық жолы, демократия жолы деп айтып жүрміз. Бізге бүгінде ілгері басу үшін, дамыған елдердің қатарына қосылу үшін Абай көрсетіп кеткен, есиет еткен жолмен жүруіміз керек. Бұл жолда бірлік те, ынтымақ та, әділдік те болады. Қытай халқы Конфуций жолымен жүріп зор жетістіктерге жетті.

Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов «Абайы бар қазақ адаса қоймас» деп айтып еді. Өкінішке орай, олай болмады. Абайды оқымай, оқысақ та жете түсінбей, Абайдың жолымен жүрмей, көп адастық, әлі де адасып келеміз.

Қазір де ұрпақ тәрбиелеуде, ар-ұяты бар, иманы тұра, ерік-жігері, рухы мықты, елім деп, халқым деп өмір суретің, еңбек ететін саналы адамды, тұлғаны тәрбиелеуде Абайдан үйренер үлгі, нұсқа молынан табылады. Тек ниет керек, керек нәрсені іздей білуіміз керек.

Үлгі, өнеге туралы Абай туындыларында жиі сөз болады. Өмірінің соңында қара сөздерін не үшін жазды? Халқын үйрету үшін, түзету үшін, түзу жолды көрсету үшін жазды. Бірінші сөзінде «Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып ал-сың, я оқысын» дейді.

Философия – сыншыл көзқарас. Соқрат сыншыл болды. Оны грек халқы адамдарды сынай бергені үшін «бөгелек» деп атапты. Конфуций сыншыл бол-ды. Кант та, Шопенгауэр де, Маркс те сыншыл болды.

Соқратты ұстаз тұтқан Абай да сын-шыл болды. Абайдың өлеңдерінде, қа-ра сөздерінде қазақ туралы, замандастар туралы сың, кекесін басымы. Бірақ ол халқын жек көрген жоқ. «Қалың елім, қазғым, қайран жұртымы» дейді. Қазақ «қайран» деген сөзді ең қымбат, ең аяулы адамына арнап айтады. Құрманғазының «Қайран шешем» деген күйі бар. Мұқағали дүниеден өткенде «Қай-ран Мұқағали» деп өкініп едік. Абай хал-қын, қазақты оянса екен, ойланса екен, түзелсе, жетілсе екен деп батырып ай-ты, сынады.

Сақтансақ, сақтайды

Жылу маусымында өрт қауіпсіздігін сақтаңыз

Жылу маусымында өрт оқиғаларының жиілеу қаупі жоғарылайды. Себебі пештер мен жылыту құралдарын пайдалану артатын кезеңде тұрғындардың қауіпсіздік ережелерін сақтамауы өрттің басты себебі болып жатады. Сондықтан әр азамат өз үйінің, отбасының және көршілерінің қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша не-гізгі ережелер бар. Жылыту пештерін пайдалану алдында олардың техника-лық жағдайын тексеріңіз. Пештің түтіп шығару мүржасы бүтін, сылағы түспеген, жарықтар болмауы керек.

Пешті жағу кезінде тез тұтанғыш сұйықтықтарды (бензин, керосин және т.б.) қолдануға болмайды. Пешті шамадан тыс қыздырмаңыз. Бұл түтіп мұржасының жарылуына және өрттің шығуына әкелуі мүмкін.



Терең мағыналы «Серіз аяқ» деген өлеңінде Абай халқын, замандастарын надандығы, бейқамдығы, арысздығы үшін сынайды. «Жақсы менен жаманды айырмадың» деп халқының аңғалдығын, тайыздығын бетіне басады.

«Бас-басына би болған еңкей қиқым, Мінекі, бұзған жоқ па елдің сиқың», деген сөздері бүгінде өзектілігін жойған жоқ. Қазақта «Өсер елдің ақыны көп, өшер елдің өкімі көп» деген сөз бар. Бізде не көп, өкім, шеңуенік көп. Дүние жүзіндегі бай елдің бірі Швейцарияның министрлер кабинетінде тек сегіз адам бар екен.

Ойшыл-философ ретінде Абай шы-ғармаларында адам туралы, адамның тұрмыс-тіршілігі, мақсат-мұраты, іс-әре-кеті, мінез-құлқы, жақсы-жаман жақтары туралы жазды.

Абай ілімі – негізінен адамтану ілімі. Адамды танып түсіну үшін Абай әдебиет пен өнерге, дінге, халық даналығына, өмір тәжірибесіне сүйенеді. Абайдың фи-лософиясы – әр адамға жақын өміршең философия деп айтуға болады.

Абайдың адам, өмір туралы, уақыт, өнер, білім, ғылым, дін туралы айтқан-дары, жазғандары білгенге бағыт береді, сабақ болады. Біз қандай жағдайда да Абайға жүгінесек, өмірде мәзалаған сұ-рақтарға жауап аламыз, тығырықтан шығудың жолын табамыз.

Абай шығармаларынан біз адам бо-лып өмір сүрудің нақты жолдарын таба-мыз. Абай іліміндегі өміршең идеяның бірі – «Адам болу» идеясы. Халқымызда «Адам боладында» асқан мақтау, «адам болмайдында» асқан дақтау жоқ. Адам болу үшін ең алдымен білімді болу керек. «Дүниенің асылы – білім мен өнер» дейді Абай. Білімді болу үшін оқу, іздену керек. Өнерлі болу үшін үнемі еңбек ету керек. «Өнерпаз болсаң арқалаң» дейді Абай. Ол міндетті түрде ақын бол, өнші бол деп тұрған жоқ. Қарапайым еңбек те – өнер, кәсіп те, сауда да – өнер. Тек өнерді жетілдіре беру керек.

Абайдың заманы малы көптер бе-лгітін заман болды. Абай білімі, өнері көп билейтін заман болса екен деп ар-мандайды. Адам болудың нақты жолын біз Абайдың бәріміз білетін «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінен көре аламыз. Әрине, ғылым таппай мақтанудың жөні жоқ.

Абай «орын» деген қарапайым сөздің философиялық мағынасын түсініп тұр. «Орын таппай баптанба» дейді. Қай нәрсенің де дүниеде өз орны, атқаратын қызметі бар. Адамның да мақсаты – дү-ниеден лайықты орын табу. Осы үшін ол оқиды, ізденеді, еңбек етеді.

Абай «Керек іс бозбалаға талапты-лық, өртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық» дейді. Талапты Абай бес асыл істің қата-рына қосады. «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деп тағы ай-тады. 44-ші сөзінде «Адам баласының ең жаманы – талапсыздық» деп Абай талаптың рөлін аша түседі. Талапсыз адамға айтып, үгіттеп, еш нәрсе шығара алмайсың. Оқу да, білім де, өнер де, ғы-лым да, кәсіп те, бәрі талаппен талап-тан туған қажырлы еңбекпен келеді.

Талап болса, адам еңбекке де құмар болады. Абай шығармаларында бес асыл істің бірі еңбек туралы да жиі сөз болады. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарың тіленбей» деген сөзі мақал бо-лып кетті. «Тамары тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырған адам баласын» дегі-өмірден алынған шындық. Бұған бәріміз де куәміз. Білімді, ақылды адам еңбектің жолын да, ретін де таба біледі. Абай «Егер ісім өңсің десен, ретін тап» дейді.

Абай сол кездің өзінде «терең ой-дың», ойланудың маңызын көре біл-ген. «Талап, еңбек, терең ой» дейді. Жоғарыда айтқанымыздай, Жүсіпбек Аймауытұлы Абайдың «терең ойлылы-ғын» атап көрсеткен ғой. Терең ой бүгінгі адамдарда да сирек кездеседі. Қазақ философиясындағы Асан қайыдағы, Төле бидегі, ғажап түсінік осы терең ойдан ойланудан пайда болған. Асан қайы «Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады» дейді. Абай «Терең ойдың тел-міріп соңына ермей, адам қалай өмір сүре алады?» дейді. «Малда да бар жан мен таң, Ақыл сөзім болмаса, Тіршіліктің несі сәң, тереңге бет қоймаса» деп тағы айтады.

Ойлау адамға не үшін керек? Ой-ланбай да өмір сүретін пенделер бар ғой. Абай бұл сұраққа да жауап береді.

«Ойға түстім толғандым, Өз мінімді қолға алдым, Мінезіме көз салдым, Тексеруге ойландым» дейді.

Есті адам анда-санда ойланып, өзі-не-өзі есеп беріп отырады. «Не істедім? Қалай өмір сүріп жүрмін?» деп. Абай 15-ші сөзінде «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең бол-маса айында бір өзіңнен өзің есеп ал!» деп жазды.

Абай бес асыл істің қатарына қана-ғат пен рақымды жатқызады. Бұлар да – адамның есіп-жетілуі үшін, алдына қой-ған мақсатына жетуі үшін қажет болатын құндылықтар. Қанағат ұғымының кең та-раған мағынасы – барға риза болу, шү-кіршілік ету.

Қанағат туралы Соқрат, Конфуций, Будда айтып кеткен. «Бақыт деген не?»

деген сұраққа Әл-Фараби бір сөзбен «қанағат» деп жауап береді. Абай «Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен, Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп» дейді. Қазақта «қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызады» деген мақал бар.

Бес асыл істің бірі – рақым. Рақым деген араб сөзінің мағынасы – мейірім-ділік, яғни өзінің ғана емес, басқаның да қамын ойлау, «адамның күні адаммен» деген ережемен өмір сүру.

Құдайға сенген дін жолын ұстанған адам Абайдың пікірінше, иманды бо-лады. Ол еш уақытта жамандыққа бар-майды. Дін жолы – мейірім мен сүйіспен-шілік жолы. Абай «Алланы сүй, адамды сүй, әділетті сүй» деп өсиет айтады. Абай үшін де, Абай жолын ұстанған біз үшін де «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз еш уақытта жалған болмас».

Адамның адам болып өмір сүруіне кедергі болатын Абай атап көрсеткен бес дұшпан «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ». Бүгінде бізге, қазақтарға әл берер емес. Олар қанымызға сіңген қасірет болып алды. Олармен күресіп жатқан да ешкім жоқ. Қазір олардан да өткен «дұшпандар» пайда болды. Солардың бірі – кең жайылған жемқорлық.

Бұл «дұшпандарды» жеңу үшін біз Абай айтқан «бес асыл істі» меңгеруіміз керек. Талап болса, аянбай еңбек етсек, терең ойды серік қыпсақ, қанағат, ра-қым қадір-қасиетіміз болса, біз көптеген кеселді жеңіп, есіп-жетілер едік. Адам-дарда, кейбір биліктегілерде қанағат, ра-қым болса, қазіргей жемқорлыққа жем болмас едік.

Абайдың «Адам бол» деген өсиетін мен осылай түсінемін және түсіндіремін. Шынында, данышпан ғой, бәрін айтып кеткен.

Абайдың терең мәнді, бүгінде бізге нұсқау болатын толық адам туралы тағы бір ілімі бар. Қайта өрлеу дәуірі ұсынған жан-жақты жетілген адам идеясын еске түсіреді. Қазір де бізге сондай жетілген адам керек болып тұр.

Адам қалай толық, жетілген адам болады? Абайдың жауабы қысқа, қысқа болса да нұсқа. «Ақыл қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» дейді. «Не істеу керек?» деген сұраққа ақыл жауап береді. «Қалай істеу керек?» деген сұраққа қайрат жауап береді.

Абай тағы бір жерде «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» деп өз ойын нақтылай түседі. «Қандай ақыл – нұрлы ақыл, қандай қайрат – ыстық қайрат, қандай жүрек – жылы жүрек» деп бәрін ашып айтқан. Адамның басқа бәлізеті осы үшеуінің біртұтас болып бірігуінен шығады. «Ақылдыңың сөзін ұарлық жүректе жігер, қайрат болады, адам азады» деп тұрасын айтады.

17-ші сөзінде ақыл қайрат, жү-ректі айтыстырып, ақырында ақыл мен қайратты жүрекке бағындырып қояды. Өте орынды. Ақыл мен қайрат өзмібі-лдікке, әлімжеттілікке салынып, көп нәрсені бүлдіруі мүмкін.

Адам өмірінде бәрі жүректің қа-лауымен болады. Құдайды қалайтың жү-рек. «Құдай қайда?» деген сұраққа мен «Құдай оған сенген адамның жүрегінде» деп жауап берер едім. Адамды адамға қосатын – жүрек. Махаббат та, достық та – жүректің ісі. «Әділет, ынсап, ар-ұят, рақым, мейірім, бәрі де жүректен шыға-ды» дейді Абай.

«Адамды тану үшін де жүрек керек» дейді ол Жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді.

Абай «Жүрегіңе сүңгі де түбін кезде. Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме» дейді. Тағы бір өлеңінде:

«Жүрегіңнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» дейді. Абайдың жүрек туралы пайымдауын мен философияға қосылған үлес дер едім. Батыс философиясында жүрек туралы жазған тек Паскаль болды.

18-ші сөзінде: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымдақтық» деп жазды.

Сонымен Абай іліміндегі толық адам – жан-жақты жетілген, нұрлы ақылға, ыстық қайратқа, жылы жүрекке, ар-ұят-қа, туабіткен мінезге ие болған адам деп айта аламыз.

Тілекжан РЫСҚАЛИЕВ, философия ғылымдарының докторы, профессор

Брифинг

Ауданда биыл 10 айда қышыма аурушандығы бойынша 3 жағдай тіркелген. 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш 8,33-ті құрайды. Олардың қатарында 14 жасқа дейінгі 2 бала бар. Өткен жылмен салыстырғанда аурушандық 3 жағдайға өскен. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандың санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай деді.

10 айда 3 жағдай тіркелген

Спикердің сөзіне сүйенсек, қышыма сияқты паразиттік аурулар мектепте, балабақшаларда, жұмыста, қонақ үйде, пойызда және басқа да қоғамдық орындарда адамнан-адамға байланыс арқылы жұғуы мүмкін. Сонымен қатар ауру кез келген жастағы және әлеуметтік мәртебедегі адамдарға әсер етеді.

Қышыма диагностикалау мен емдеудегі жетістіктерге қарамастан дерматозбен ауыру мәселесі өзектілігін жойған жоқ. Ол маусымдық ауру болып саналады, әдетте күз және қыс айларында таралады.

Қышыманы «қышыма кенелері» деп аталатын жәндіктер тудырады. Бұл дерт балалар арасында жиі кездеседі, өйткені жұқа тері кененің оңай өнуіне ықпал етеді. Қышыма кенесінің аналықтары теріге түсіп, жұмыртқа салатын терішілік жолдарды салады. Ұрғашысының өмір сүру ұзақтығы – 1,5 ай, осы уақыт ішінде ол шамамен 40-50 жұмыртқа салады. Ұрғашысы қышуды тудыратын зат бөледі. Толық даму циклі 2 аптаға созылады. Кенелер иесінен тыс 5-14 күн тұрады.

Ауданның бас санитары аталған дерттің негізгі белгілерін де кеңінен тарқатты. Сөзінше, түнп уақытта қатты қышу байқалады. Теріде қызыл дақтар түріндегі бөртпелер пайда болады. Қышыма жолдары ұзындығы 1-3 см сұр түсті жұқа жолақтар түрінде көрінеді, олардың бір шетінде қара нүкте кеңе ұрғашы көрінеді. Көбінесе қышыма білезік аймағында, саусақтардың бүйір бетінде және санаралық қатпарларда пайда болады. Кішкентай балаларда қышыма терінің кез келген бөлігін зақымдайды және есекжемге ұқсайды.

Спикер қышыма тек жанасу және тұрмыстық қатынас арқылы жұғатынын айтады. Паразиттердің «иесімен» тікелей байланыс (теріге ұзақ уақыт жанасу), қышымамен ауыратын адамның іш киімдері немесе төсек орындары, жұмсақ жиһаздар, шақа, монша немесе бассейн белмесі, жануарлар арқылы (мысықтардың, итердің және басқа үй жануарларының қалың жүнінде кенелердің ерекше түрлері жиі кездеседі, бұл адамға паразиттік әсер етуі мүмкін. Сондықтан гигиеналық ережелерді сақтамау инфекция ықтималдығын арттырады.

Профилактикалық тексерулер кезінде стационарларда емделіп жатқандар, су спорты түрлері, шығыс жекпе-жек және күрес бойынша топтарға баратын адамдар спорт секцияларына түсу кезінде медициналық тексеруге жатады. Енді олар жылына бір рет осындай тексеруден өтуі тиіс. Осы ретте білім беру ұйымдарының қызметкерлерін үшін жылына бір рет міндетті медициналық тексеруден өту кезінде тексеру қажет.

Өзіңізді қышымадан қалай қорғауға болады? Спикер журналистердің бұл сауалын да жауапсыз қалдырмады. Науқас байланыста болған заттарды, киімдерді, ойыншықтарды, жиһаздарды және басқа заттарды дезинфекциялау маңызды. Мұнда термиялық әдістер немесе кенеге қарсы арнайы құралдар көмектеседі. Ал жұмсақ ойыншықтар туралы айтатын болсақ, оларды өңдеуден кейін паразиттерді толығымен жою үшін 3-5 күн бойы жабық полиэтилен пакетке салу керек. Егер адам қышымамен ауырса, ауруға қайтадан шалдықпау үшін емдеуден кейін де диспансерлік бақылауды жалғастыру маңызды. Дәп осын-дай шараларды науқаспен байланыста болғандар да сақтауы керек. Өкінішке орай бұл ауру әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатқа қарамастан кез келген адамға жұғуы мүмкін.

Емдеу болмаса, қышыма жойылмайды. Ауданның бас санитары осылай дейді. Өзін-өзі емдеу ұзақ уақытқа созылуы мүмкін және басқа инфекциялардың дамуын тудыруы ғажап емес. Қышыманы жеңу үшін науқастың қасындағы барлық адам емделуі керек. Емдеу киімді, төсекті, бөлмені дезинфекциялаумен бір мезгілде жүргізілуі тиіс. Егер қышыманың алғашқы белгілері пайда болса, дәрігерге барған абзал.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – барлық азаматтың борышы

Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Әдел кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қару белгілеген. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіні күмәнсіз. Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы аулымдықпен күресу болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде «соттіріту» деген талын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «соттірігіе» түсінік болған ол жалпы сөзбен айтқанда, «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімің сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық, сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық эконо-миканы құру, инвестициялар тарту процестерін бауалататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Мемлекет басшысы да демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болатынын атап көрсетті, яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пермәнді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейін мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өздерінің құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігін, нақты жолдарын толық білуі қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық саласында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағытталатын отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер мен олардың пайда болуының алдын алуда жүйелі әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы туруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматының азаматтық борышы деп білуіміз керек.

Ақсу ауылдық округі әкімі аппараты

2025 жылы IV тоқсанда Аққұм ауылдық округі әкімінің аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі				
р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі,аты, өкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамының лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері
1	Асанбеков Алтынбек Өмірбекұлы	Ауылдық округ әкімі	Әр аптаның сәрсенбі күні сағ. 9.30-дан 12.00-ге дейін	Жалағаш ауданы Аққұм ауылы Бейбітшілік көшесі №4

4 ҚҰҚЫҚ

Сараптама

Интернет-алаяқтық: алдын алу үшін қайтпек керек?

Қазір әлемде интернет-алаяқтық қылмыстары артқан. Ресми мәліметтерді сөйлетсек, әлемде күніне 2 мыңнан астам кибершабуыл жасалады, яғни бұл 39 секунд сайын 1 адам киберқылмыстың құрбанына айналатынын аңғартады. Мұнан келетін қауіп мемлекеттік мекемелер мен ірі компанияларды былай қойғанда қарапайым халыққа да оңай соқпай тұр.

Биыл әлемде ең көп тіркелген киберқылмыстар қатарында фишинг көш бастады, яғни соңғы уақытта банк қызметкерлері немесе мекеме атынан жеке деректерді талап ету жағдайы жиілеген. Келесі орынға бопсалаушы вирус және жалған жұмыс ұсыныстары сияқты қылмыстар жайғасқан.

Дүние жүзінде бұл қылмыстардан келетін шығын миллиардтаған долларға жеткен. Сарапшылар быылдың өзінде оның көлемі 10,29 трлн долларға жетеді деп дабыл қақты. 2027 жылы 12 трлн доллардан асса, 2028 жылы бұл көрсеткіш 14 трлн долларға жетеді деген болжам бар.

23 мыңнан астам интернет-алаяқтық дерегі тіркелген

Интернет алаяқтары қазір еліміз үшін де оңай соқпай тұр. Әлеуметтік желіні аша қалсаңыз, оңай табыс табуға қатысты жарнамадан көз сүрінеді. Онда жұмыс берушілер үшін адамның жасы да, жеке құжаттары да маңызды емес. Бастысы, байланысқа шыққанда айтқанын орындап отырса жеткілікті. Көзбе-көз көріп жүрген адамына алданып қалып жатқандар да жоқ емес. Оның қасында ешқандай жұмыс орынн көрмей, жарнамамен онлайн танысу арқылы оңай олжаға көңелемің деу бос сөз. Сондықтан мұндай кәсіптің күмәнді екеніне көз жеткізу үшін айтарлықтай ақылдың да қажеті шамалы. Бірақ мұндай ұсыныстарға қызығушылар қатары күн сайын артпаса, кеміген емес.

Жыл басынан бері елімізде интернет-алаяқтық бойынша 23 мыңнан астам дерек тіркелген. Сорақысы сол, қазір мұндай алдау-арбауларға жәсепірімдер де ілігуде. Мамандар мұны бала психологиясымен байланыстырады, яғни кейбір жәсепірімдер оңай олжаға аз уақытта көңелуді көздеп, шалыс басуда. Сондықтан психологтар бала тәрбиесіне әлі де басымдық беру қажеттігін қаперге салды.

Олар бірінші кезекте балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру ерекше маңызға ие екенін айтады. Демек жастайынан бұл жағынан сауаты аз балалар ақшаны қоғамда бірінші орынға қояды. Ал мамандар осы ретте керісінше білімге басымдық беріп, жеңіл жұмыс істеп, адал табыс табуға оларды баулу керектігін жеткізді.

Еске салатын жайт, көмелет жасқа толмаған балалар интернет-алаяқтыққа тап болса, ата-ана жауапкершілікке тартылады, яғни бала интернет-алаяқтыққа тап болса, ата-анасы 15 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл арқалайды. Оның құны 58 980 теңгегі құрайды. Бірақ мұнымен бала да заң алдында жауапкершіліктен босатылмайды, яғни 16 жастан бастап қылмыстық жауапкершілік көзделген. Ал топтасып жасалған аса ауыр қылмыс болса, 14 жастан бастап заң алдында жауап береді. Тіпті кінесі дәлелденсе, 2 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы ғажап емес.

Алаяқтық мәселесі бойынша қылмыстық кодекстің 190-бабына сәйкес, арнайы жауаптылығы көзделген. Ал интернет-алаяқтық бойынша ауырлатыатын мән-жайлар да жоқ емес, яғни интернет арқылы жасалатын алаяқтық ерекше деңгейде қаралады. Бірінші кезекте оның қылмыс жасауында ниеті ескерілгені. Егер абайсызда жасалған болса, қылмыстық жауаптылық төмен деңгейде қарастырылады.

Сорақысы сол, еліміздің кейбір аймақтарында интернет-алаяқтық қылмыстары 2 есеге артқан. Мәселен мұндай аймақтар қатарында Павлодар облысы бар. Биыл 9 айда интернет-алаяқтық бойынша 1800-ден астам дерек тіркелген. Келтірілген шығын көлемі 3 млрд теңгеге жетіп отыр. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1 млрд теңгеге көп.

Қазір алаяқтар өз әрекеттерін түрлендіріп жетілдірген. Бұған дейін құрбанына айналған азаматтарға бірнеше рет байланысқа шығып, өздерін түрлі мемлекеттік және қаржы ұйымдарының ресми өкілі ретінде таныстырып, сеніміне кірген. Тіпті мұндай жалған ақпаратқа сеніп, 7-8 млн теңгеден 90 млн теңгесіне дейін қағылғандар бар.

Астанада да биыл 610 қылмыс тіркелген. Келтірілген шығын көлемі 340 млн теңгеден асқан. Қазір елордада құзырлы орган өкілдері түсіндірме жұмыстарын күшейтті. Бас қалада дәл



осындай қылмыс жасаған 130-ға жуық адам ұсталған. Олардың ішінде шетелдік азаматтар да бар болып шықты.

Өзіміздің Қызылорда облысында да интернет алаяқтарына құрбан болғандар жоқ емес. Мәселен, аймақта 10 айда интернет-алаяқтық қылмыстарының 523 дерегі тіркелген. Құзырлы орган өкілдері оның 70 пайызы СМС кодтардан басталатынын айтады.

Жалпы еліміздің қай өңірін сараласаңыз да қылмыстың бұл түріне қатысты жағдай мез емес. Әлі де интернет алаяқтарының құрбанына айналғандар қатары артып отыр. Құзырлы орган өкілдері түсіндірме жұмыстарын күшейткенімен елімізде мұндай деректер анықталуда. Бұған бір жағынан алаяқтардың өз әрекетін түрлендіруі басты себеп деп топшыладық.

Интернет алаяқтарының құрбанына айнамайын десеңіз...

Еске салатын жайт, сізге бейтаныс нөмір арқылы орыс тілінде қоңырау шалып, өзін «Қазпошта», ұялы байланыс, емхана, жарық жүйесі немесе салық органының қызметкері ретінде таныстырып, қандай да бір қызмет түрін көрсететінін айтуы мүмкін. Қызмет көрсету үшін телефоныңызға СМС код жолдап, оны өзіне айтуды сұрайды. Көбісі мұндайда кодты айтып, әрі қарай сөйлеспей тұтқаны қоя салады. Артынша басқа нөмірмен тағы қоңырау шалып, өзін Ұлттық Банк немесе полиция қызметкері ретінде таныстырып, «Сіз жаңа ғана алаяқтарға СМС код айттып қойдыңыз, олар атыңызға қомақты несие ресімдеп жатыр, оны тоқтатып, ақшаңызды қауіпсіз шотқа аударуыңызға керек» деп қорқытып, өзінізге несие алдырып, шетелдік шоттарға аудартып жібереді.

Өкінішке орай «СМС кодты айтып қойдыңыз» дегенге қорқып, алаяқтарға алданып қалып жатқандар қаншама. Осы ретте тағы бір ескеретін жайт, мұндай жағдайға тап болсаңыз, уайымдаудың қажеті жоқ. Өйткені банк ешқашан СМС арқылы несие бермейді, яғни несие алу үшін фото-видео верификация өту қажет. Бұл – жай ғана алаяқтардың сізді алдап, қорқытудың амалы. Ең бастысы, қорықпаңыз, мұндай алаяқтыққа сенбеңіз, ешқашан банктік аударымдар жасамңыз. Дұрысы, алаяқтардың айтқанын орындамай, сөйлесуді тоқтатқан жөн.

«Қазпошта» мекемесінен» деп хабарласқандар көбінесе «поштамен зат немесе құжат келіп тұр» деп алдайды. Ал ұялы байланыс қызметкері ретінде байланысқа шығатындар «СИМ карта мерзімін ұзарту қажет» деп әңгімесін бастайды. «Емхана қызметкеріміз» дейтіндер «емханаға тіркелу, анализ тапсыру қажет» дейді. Олармен диалогты тез арада үзбесеңіз, құрбанына айналуыңыз ғажап емес.

Алаяқтық схема қалай басталады?

Әлеуметтік желілерді қарап отырып, «Ақшаны инвестицияға салып немесе ірі компаниялар мен криптобиржаларға салып көбейтіңіз» деген жарнаманы көріп қалуыңыз ғажап емес. Мұның бәрі шынайы секілді. Өйткені жарнама видеосында елге танымал тұлғалар сөйлеп жатыр. Шындығында, бұл – жасанды интеллект. Бірақ оған сеніп, толығырақ (подробнее) дегенді басып, аты-жөнін, телефон нөмірін қалдырып, соңында сан соғып қалғандар жоқ емес.

Өзің жайлы ақпаратты қалдырғаннан кейін алаяқтар бейтаныс нөмірмен байланысқа шығып, өзін инвестициялық компания менеджері ретінде таныстырады. Заңды түрде оңай олжаға көнелуге болатынына сендіріп, инвестицияға бастапқыда 50 мың теңге салуға кеңес береді.

Иә, 50 мың теңге аз ақша емес, өріне. Алайда бұл кейбіреулер үшін уайымдайтындай қаражат та емес. «Тәуекел» деп менеджердің айтқанына ұйып, тиісті қаржыны салып жатқандар да бар. Бірнеше минуттан кейін әлгі менеджер қайта хабарласып, «сіздің тапқан пайданыз» деп шотыңызға 15 мың теңге аударады. Өкінішке орай кейбір азаматтардың сенім артуына, көзінің байлануына осы да жеткілікті.

Мұнан кейін салатын қаржы көлемін арттырып, әрі қарай жалғастырып жатқандар да бар. Әлбетте олар сіздің алдағы уақытта аударатын қаржы көлемін көбейтуіңіз үшін 1-2 салымның қаржысына қосымша бастапқыдай пайызын аударады. Бұл – сіздің түсінігіңіз, негізгі алаяқ сізге өз ақшаныздың тек бір бөлігін ғана қайтарып жатыр. Сондықтан әлеуметтік желілерде «Ақшаңызды инвестицияға салып немесе ірі компаниялар арқылы көбейтіңіз» деген жалған ақпаратқа мүлде сенбеңіз.

Киберполиция кеңесін қаперге алыңыз

Сізге біреу танымайтын нөмірден хабарласып, орыс тілінде байланысса, міндетті түрде күмәнмен қараңыз, мұндайда сақтанған дұрыс, өйткені ол алаяқ болуы әбден мүмкін. «СМС код айтып қойдыңыз» десе де қорықпаңыз. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай, СМС арқылы несие алынбайды. Бұл – жай ғана алаяқтардың сізді алдап, құрығына түсірудің амалы.

«Ақшанызды көбейтемін» деген жарнамаларға да сенбеген абзал. Өйткені инстаграм, фейсбук ютуб парақшаларындағы ақшаны инвестиция, крипто-биржа, ірі компаниялар арқылы көбейтуге қатысты жарнамалардың барлығы жалған.

Банктік реквизиттерді интернетке енгізбейіз, басқа адамға да бермеңіз. Себебі сайттар мен сілтемелерге банктік деректерді енгізу және біреуге пайдалануға берудің соңы сізге қомақты шығын және қылмыстық жаза әкелуі мүмкін. Көрмеген адамға алдын ала төлем жасау да қауіпті. Шуғыл сатылып, арзан тауар, арзан автокөлік, арзан пөтер және жалға берілетін пөтерлер бойынша алаяқтар сізді асықтырып, алдын ала төлем жасатып, соңында жоқ болып кетеді. Елімізде мұндай жағдайлар жиі орын алуда.

Аудандағы ахуал қалай?

Осыған дейін өзіміздің Жалағаш ауданында интернет алаяқтарының құрбанына айналғандар жоқ емес. Мәселен, биыл 10 айда 22 интернет-алаяқтық қылмыс дерегі орын алған. Оның 9-ына қатысты күдіктілер анықталып, жөбіріленушілерге шығыны қайтарылған.

Аудандық полиция қызметкерлері интернет-алаяқтықпен күресте табанды еңбек етуде. Олар орын алған қылмыспен күресуден бөлек алдын алу шараларына да басымдық беріп отыр. Мәселен, қарапайым халықтың арасында, мекемелер аралап, түсіндірме жұмыстарын күшейткен.

Аудандық полиция бөлімі криминалдық полиция бөлімшесінің аға жөдел уәкілі Асхат Дәуіржанұлы «көз келген қылмыспен күрескеннен оның алдын алған елдеқайда тиімді» дейді. Әсіресе мұндай шаралар интернет алаяқтарымен күресуде ерекше маңызға ие деп есептейді.

Аға лейтенанттың бұл сөзіне алып қосарымыз жоқ, қажет болса, қос қолдап қолдаймыз. Мәселен, мұндай қылмыстардың алдын алуда уақыт ерекше рөл атқарады. Өйткені интернет алаяқтары өз құрбандарын аз уақыт ішінде шығынға батыруда.

– Соңғы уақытта интернет-алаяқтық қылмыстары елімізде әлеуметтік желілер арқылы жиі орын алуда. Осыған байланысты алаяқтық қылмыстарының құрбаны болудан сақтану мақсатында Жалағаш ауданының тұрғындары мен қонақтарына айтарым, интернет-алаяқтық қылмыстары, яғни инстаграмм, колеса, фейсбук, олх, парақшалары арқылы өртүрлі пөтер, автокөлік бөлшектері, автокөлік, алтын бұйым заттары, жалпы тұрмыста пайдаланатын заттарды сату және несие ресімдеп беру жайлы жарнамаларға алданбауларыңызды сұраймын. Алдын ала төлем жасау барысында мекен-жайың анықтап, жеке басының куәлігін растамайынша төлем жасамңыз. Whatsarp әлеуметтік желісі арқылы жақын таныстарыңыз қарызға ақша сұраса, аударуға асықпаныздар. Алдымен көз жеткізіп, сенімді болу үшін ақпаратты тексеріп алыңыз. «Ұялы байланыс операторымын» деп сіздің SIM-картаныздың мерзімі біткенін ескертіп, мерзімін ұзарту үшін ұялы телефонға жіберілген кодты сұраса, мүлде айтпаңыз. Криптовалюта, акцияларға, бағалы металдарға ақша салу арқылы уәде етілген күмәнді жобаларға да ақша салмаңыз. Сіздің банктік картаныз туралы деректерді, куәліктің фотосуреті, банк картасының фотосуреті, картаның артық жағындағы үш таңбалы санды және жеке басыңыздағы деректерді ешкімге бермеңіз. Егер сізге қауіпсіздік қызметінен қоңырау шалса, банк қызметкерлері сіздің картаныз туралы деректерді ешқашан сұрамайтының, сондай-ақ ұялы телефонға келетін кіру кодтарын беруді талап етпейтінін есте сақтаңыз. Сонымен қатар қандай да бір белгісіз азамат «Қазпошта» қызметкерімін» деп таныстырып, сізге поштадан зат келгені туралы айтып код сұраса, мүлде айтпаңыз. Өртүрлі «мессенджерлер» және әлеуметтік желілер арқылы жіберуге болатын күмәнді сілтемелерге өтпеңіз, себебі бұл вирустық файлдар мен қосымшалар болуы мүмкін. Бейтаныс тұлғалармен мейілінше қазақ тілінде сөйлесу, шетелдік алаяқтардың арам пияғылың жүзеге асыруға тосқауыл болады», – дейді Асхат Дәуіржанұлы.

Осыған дейін Жалағаш кентінің тұрғыны «Колеса кз» арқылы автокөлік алу үшін жарнама қарап отырып, өзіне ұнаған көлікті алу мақсатында алғашқы жарнасын, яғни 500 мың теңгесін алдын ала салып жіберіп, алаяқтарға алданған. Қылмыстық іс бойынша жедел іздестіру жұмыстарын жүргізу кезінде күдікті Астана қаласынан анықталып, аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесінің қызметкерлерімен құрықталып, қылмыстық іс аудандық сотқа жолданған. Сондай-ақ тағы бір аудан тұрғынына белгісіз абоненттік номер хабарласып «Халық Банк» қызметкерімін» деп таныстырып, атынан несие алып жатқаны туралы айтып, оны тоқтату мақсатында төрт санды кодтың келетінін айтып, атынан 2 млн 500 мың теңге несие ресімдеген. Оны аудартып алып, алаяқтық әрекетін жүзеге асырған. Жедел іздестіру барысында күдікті Маңғыстау қаласынан құрықталып, аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесінің қызметкерлерімен құрықталып, қылмыстық іс аудандық сотқа жолданған.

Жалпы тізе берсек, Жалағаш ауданында да интернет алаяқтарының құрбанына айналғандар қаншама. Ал бұл ресми деректің өсім алмауы үшін қайтпек керек? Бастысы, құзырлы орган өкілдері айтқан кеңес қаперде болса, қылмыстың алдын алуға жол ашылады. Қарапайым халыққа да, құзырлы орган өкілдеріне де тиімді тұсы – осы.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Біле жүріңіз

Әлеуметтік желі әлдеқашан ақпарат алаңына айналған. Алайда ондағы ақпараттың көбі шындыққа жанаспайды. Бірақ оның рас-өтірігін қарапайым жұрт саралай бермейді. Жалған ақпарат таратушыларға да керегі осы.

Жалған ақпарат жарға жықпасын



Осыған дейін Қазақстанда бір уақытта бірнеше жерде жұмыс істеуге тыйым салынатыны жөнінде жаңалық желдей есті. Тіпті дәл осы тақырып бастапқыдай болмаса да, әлі де қоғамның талқылауынан түскен жоқ. Ал жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы мұның шындыққа жанаспайтынын айтады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек кодексіне сәйкес, ел азаматтары бір уақытта бірнеше жұмыс орында және өртүрлі жұмыс берушілерде еңбек ете алатынын айтады. Бірақ негізгі жұмысы күніне 8 сағаттан, ал қосымша жұмысы 4 сағаттан аспауы тиіс. Демек бір тәулікте жұмыс уақыты 12 сағаттан аспауы керек.

Заңға сәйкес 18 жасқа толмаған адамдарды, сондай-ақ ауыр жұмыстарда, зиянды, қауіпті еңбек жағдайларында еңбек ететін жұмыскерлерді қосымша жұмысқа қабылдауға елімізде жол берілмейді. «ҚР Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес, қосымша жұмыс істеуге мемлекеттік қызметшілерге тыйым салынады. Жоғарыда аталған шектеулерге жатпайтын кез келген көмелетке толған азамат қосымша жұмыс істей алады.

Мұндай жалған ақпараттар денсаулық сақтау сияқты әлеуметтік саланы да айналып өтпеді. Мақсат – МӘМС жүйесін қаралау, реформаларға деген сенімді әлсірету, қоғамда наразылық тудыру.

Балалардың жылауы, айқайы және түнгі уақытта жүгіруі заң бұзушылық болып саналады. Бұған қатысты айыппұл да көзделген. Осыған дейін ел ішінде таралған шындыққа жанаспайтын ақпараттар қатарында бұл да бар. Шындығында, Қазақстанда тыныштықты бұзу туралы заң азаматтардың тынығуына кедергі келтіретін шулы әрекеттерге ғана қатысты. Оған сағат 22.00-ден 09.00-ге дейінгі уақытта жасалатын жеңдеу және өзге де шулы жұмыстар жатады.

Елімізде заңға қайшы келетін контент көлемі артқан. Мұны мамандар Sora 2 нөйрожелісінің жаңартылған нұсқасының шығуымен байланыстырады, яғни қарапайым мәтіннен шынайы бейнесахналар жасай алады.

«Мұндай әрекеттерде адамның теріс ниеті болмаса да, құқықтық салдары болуы мүмкін. Құқыққа қайшы контент үшін жауапкершілік тек оны жасаушыларға емес, сондай-ақ таратушыларға да жүктеледі. Жалған ақпаратты, қорлау немесе жала жабу сипатындағы видеоларды таратудың өзі заң бұзушылыққа қатысы бар әрекет ретінде қарастырылуы мүмкін. Атап айтқанда, мұндай материалдарды жасап, тарату барысында «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңның адамның келісіміңіз оның бейнесін пайдалану, Қылмыстық кодекстің жала жабу, жалған ақпарат тарату, әлеуметтік, ұлттық немесе өзге де араздықты қоздыру, жеке өмірге қолсұғылмаушылық, сондай-ақ авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу баптары бұзылуы мүмкін» делінген Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы хабарламасында.

Қазір әлеуметтік желідегі дез келген ақпаратты өз парақшаңызға бөлісу де қауіпті. Құрылса, алдымен оның рас-өтірігіне көз жекізіп алу керек. Болмаса, өзіңіз де сол жалған ақпарат таратушылар қатарынан табылуыңыз да ғажап емес. Әлбетте мұндай кезде сіздің бірінші кезекте ниетіңіз ескеріледі.

Жалпы бұл мәселеге қатысты заңды қос қолдап қолдаймыз. Қайта бұған қатысты заңды күшейтіміз керек. Қазақта «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген мақал бар. Осы бірауыз сөзбен ата-бабаларымыз әр сөзді байыппен, ойланып айту қажеттігін қаперге салады. Қазір сол отыз тістен шыққан сөзді қоғамға тарататын осы әлеуметтік желі болып отыр. Өкініштісі, ондағы ақпараттың бәрі бірақ шындыққа жанаспайды.

Біз бабадан қалған тәмісді неге мысалға келтірдік? Шындығында, сенің қоғамға таратқан бір ғана жалған ақпаратыңнан тұтас мемлекетте дүрбелең болуы ғажап емес. Сондықтан бірлігі бекем елдің ішінде мұндай олқылыққа жол бермеуге тек құзырлы орган өкілдері ғана емес, өзіміз де жауапты екенімізді түсінетін уақыт жетті. Бұл жалған ақпарат таратушыларға да, оның рас-өтірігіне көз жеткізбей қабылдаушы әлеуметтік желі қолданушыларына да қатысты.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,

жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1952

Кезекші редактор: Гүлжан Есжан